

Шығыс Қазақстан облысының Семипалатинск қаласын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 маусымдағы N 351 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті мен
Үкіметі актілерінің жинағында және
республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес және Шығыс Қазақстан облысы атқарушы және өкілді органдарының пікірін ескере отырып
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шығыс Қазақстан облысының Семипалатинск қаласы Семей қаласы болып қайта аталсын.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті